

**№ 30 «Ұрпақ» бөбекжай – балабақшасы**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 1 хаттамасы**

05.09. 2025 жыл

Қатысқандар: 15 \_\_\_\_\_

**Күн тәртібінде**

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту/кеңес төрайымы: Бисенова Р.Т.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті/кеңес мүшесі: Тлеуова Р.Ж.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті/кеңес мүшесі : Умирбаева К.Б.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Бисенова Р.Т. сөз алды:**

Бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы. Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады. Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі әдіскері Тлеуова Р.Ж.**

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр тәрбиеленушіге жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз тәрбиеленушінің білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, тәрбиеленуші педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған

қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Педагог киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті педагог шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға басқа адам кіріп келгенде педагог орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Балабақшаішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

#### **Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі : Умирбаева К.Б.**

Педагог ата-аналармен, және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Педагог этикасы – тәрбиеші мен бала, ата-ана мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтар арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

#### **Қортынды сөз. Кеңес төрайымы: Бисенова Р.Т.**

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп туралы жақсы пікірлер айтты. Қазір көбіне педагогтерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады. Бұндай әрекет педагогтің оның беделіне қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан педагогтарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.


#### **Кеңес шешімі:**

1/ МКҚК № 30 «Ұрпақ» бөбекжай-балабақшасы жанындағы педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін

2/ Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

3/ Қызметке жаңа қабылданған педагогтармен сөйлеу мәдениеті, педагогикалық этика туралы іс-шаралар жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Бисенова Р.Т.  
Байділдақызы А.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 2 хаттамасы

12.11.2025 ж

Қатысқандар: \_\_15\_\_

**Күн тәртібінде**

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. Кеңес мүшесі: Әбдіғалиева Г.А.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. Кеңес мүшесі: Зарлыкова Г.М
3. Кадрлық жұмыс және құжаттамалық қамтамасыз ету секторының менгерушісі:
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті/ кеңес төрайымы: Пангереева А.Б.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі,  
Умирбаева К.Б.**

Педагог қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде педагог деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын тәрбиеленушінің, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі  
Зарлыкова Г.М**

*Педагогикалық әдеп* – педагог әрбір нақты жағдайда тәрбиеленушілерге тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік.

Педагогикалық әдепке тәрбиеленушілер жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп *жағымды жақтан ғана қаралады*. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір педагог баламен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда педагогтің бірсыпырасының балаларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Тәрбиеші тәрбиеленушілерге ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сак, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез

ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика тандай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Пангереева А.Б.**

Педагогикалық әдеп тілдесу қарым қатынас жасау кезінде сөйлесу икемділігінде оқушылардың іс әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде өзін өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде. Педагогикалық әдеп ескерту жасаған кезде баланың мінез құлқына баға берген кезде дауыс ырғағында мадақтау және жазалай білу икемділігінде. Әдептілік педагогтың мінез құлығындағы ерекшелікке айналу керек. «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпеді» К.Д. Ушинский. Педагогикалық этикада педагогтың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік абырой әдеттілік шынайылық ар ұят қабілеттілік қарапайымдылық қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады.

#### **Кеңес шешімі:**

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Тәрбиешінің педагогикалық әдебін сақтауда тәрбиешінің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.
3. Педагогикалық әдеп қамтамасыз ету ережесі сақталсын.

Кеңес төрайымы:



Пангереева А.Б.

Хатшы:



Байділдақызы А.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 3 хаттамасы

10.03.2026 жыл

Қатысқандар: 15

**Күн тәртібінде**

1. Педагогтің құқықтары кеңес мүшесі Нажимова Л.М.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары кеңес мүшесі Тлеуова Р.Ж.
3. Балабақшада педагогикалық әдепті қамтасыз етуді сақтау кеңес төрайымы Пангереева А.Б.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі:  
Нажимова Л.М.**

Педагог қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде педагог деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын тәрбиеленушінің, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі:  
Зарлыкова Г.М**

*Педагогикалық әдеп* – педагог әрбір нақты жағдайда тәрбиеленушілерге тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке тәрбиеленушілер жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Қазақстан Республикасы Білім туралы заңы 51- бап

Педагог жұмыскердің

Кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға

ғылыми зерттеу тәжірибелік – эксперименттік жұмыспен айналысуға педагогтік практикаға жана әдістемелер мен технологиялар енгізуге

дара педагогтік қызметке

тиісті білім деңгейлеріне мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға

Білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға

Бес жылда бір реттен сиретпей ұзақтығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға

Санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға

Педагогтің қызметтегі табысы үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар сыйлықтар мен атаулы степендиялар түрінде моральдық және материалдық көтермеленуге

Өзінің кәсіптік ар намысы мен қадір қасиетінің қорғалуына

Әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдыруына  
Ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік өкілетті сақтай отырып шығармашылық демалыс алуға  
Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын асәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге  
Шығармашылық қабілеттің арттыруға, кәсіптік шеберлігін арттыруға педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға  
Білім алушылардың тәрбиеленушілер мен олардың ата аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар намысы мен қадір қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі: Тлеуова Р.Ж.**

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер педагог өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Пангереева А.Б.**

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер педагог өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

**Кеңес шешімі:**


1. Педагогтардың құқықтары мен міндеттері орындалуы назарға алынсын.
2. Педагогтардың көпшілік ортада этикалық нормалар сақтау туралы іс-шаралар жүргізілсін.
3. Қызметке жаңа қабылданған педагогтар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:



Пангереева А.Б.

Хатшы:



Байділдақызы А.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 4 хаттамасы**

11.05.2026 жыл

Қатысқандар: 15

**Күн тәртібінде**

1. Педагог бейнесі. Кеңес мүшесі: Умирбаева К.Б.
  2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары. Кеңес мүшесі: Тлеуова Р.Ж.
  3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.
- Кеңес төрайымы: Пангереева А.Б.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе: Педагог бейнесі. Кеңес мүшесі: Тлеуова Р.Ж.**

Педагогтердің әлеуметтік желідегі және қоғамдық орындардағы этикалық талаптары туралы жиі айтылып отырады.. Ол әлеуметтік желілерде педагогтің жариялайтын ақпараттарына мұқият болу, қызметтік әдепті сақтау және педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, қоғамдық орындарда педагогтің өзін ұстау мәдениеті, сыпайылық танытуы және кәсіби беделін сақтауы маңызды екені түсіндірілді.

Балабақша меңгерушісі педагог бейнесі және сыртқы келбет мәдениеті туралы баяндама жасады. Педагогтің сыртқы келбеті оның кәсіби деңгейін көрсететін маңызды фактор екендігі айтылды. Педагогтің ұқыпты, жинақы, қызметтік талаптарға сай киінуі, сөйлеу мәдениетін сақтау, атааналармен және балалармен қарым-қатынаста үлгі бола білуі қажеттігіне ерекше назар аударылды.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе: Өзінді - өзі тәрбиелеу жолдары. Кеңес мүшесі: Умирбаева К.Б.**

Педагогтің жеке басының дамуы, оның білімін өз бетінше жетілдіруі деген ұмтылыспен тығыз байланысты.

Сонымен қатар, қазіргі кезде өзін-өзі тәрбиелеу - бұл балабақшадағы тәрбиешілердің біліктілігін үздіксіз арттыру жүйесінің маңызды формаларының бірі. Адамдарды үнемі өз бетімен жұмыс істеуге, білімдерін толықтыруға, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуға не мәжбүр етеді? Ғылым, техника, өндіріс үздіксіз дамып отырады. Ғылымдар адамзаттың алған білімі әр 10 жыл сайын екі еселеніп отырады дейді. Демек, бұрын алған білім ескеруі мүмкін. Қазіргі қоғамның басты ресурсына айналатын білім берудің ескеруі мүмкін. Өзін-өзі дамытуға қабілетті адамның өзіндік құндылығына басымдық беруге негізделген интеллектуальды әлеуетті арттыру-білі берудің маңызды міндеттерінің бірі. Өрқашанда педагог өз білімін жетілдіру үстінде болуы керек.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе: Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары. Кеңес төрайымы: Пангереева А.Б.**

Баланың ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетінің оңтайлы режимін таңдаңыз. Ата-аналарға баланың қай уақытта оқуға ыңғайлы екенін, бала үшін қай уақыт кезеңі тиімді екенін өз бетінше анықтауға мүмкіндік беріңіз.

Оқу іс-әрекетінде балалармен олардың жас ерекшеліктеріне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс формалары мен әдістерін қолданыңыз. Материал мектеп жасына дейінгі балаларға жақын және түсінікті болуы керек.

1. Баламен жеке байланыс орнатуды ұмытпаңыз (күлімсіреңіз, аты-жөнімен хабарласыңыз, бірге күліңіз, шаршау мен қамқорлықты жүзіңізден алып тастаңыз).

2. Өте жігерлі болуға тырысыңыз, сөйлеуде әдеттегі әңгімеге карағанда интонациялық құралдарды көбірек қолданыңыз.

3. Сөздерді дауыстап, анық және анық айтуға тырысыңыз, бірақ айқайламаңыз.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру іс-әрекетіне қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу арқылы біз сонымен бірге ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттырамыз. Ата-аналар (заңды өкілдер) тәрбиелік қатынастардың тең құқылы қатысушылары ретінде әрекет етеді, және бұл өз кезегінде ықпал етеді:

- білім беру қызметін дараландыру (ата-аналар балаларымен бірге белгілі бір тапсырмаларды орындау қарқыны мен тәртібін өздері таңдайды);

- ақпараттық мәдениетті арттыру (ата-аналар мен балалар компьютерді ойыншық ретінде емес, білім алу құралы ретінде қабылдайды);

- балалардың күндізгі оқу және тәрбие кезінде алған білімдерін, дағдыларын бекіту.

#### Кеңес шешімі:

1. Педагог бейнесі мен сырт келбеті «Педагог мәртебесіне» сай болуы тиіс.
2. Педагог өзін-өзі жетілдіруді үнемі жалғастырсын.
3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары сақтасын.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



Пангереева А.Б.

Байділдақызы А.